



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 26/52
1 шілде



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

ҚАЛА ӘКІМІМЕН КЕЗДЕСТІ



2023-жылдың 29-маусымы күні қала әкімі Ламбеков Нұрлан Рымбайұлының төрағалығымен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар, жеке көмекшілер және жеке көмекшінің қызметін алатын 1 топ мүгедектігі бар адамдармен кездесу өтті. Кездесуге әкім орынбасары Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейскеев пен қаладағы бірқатар мекеме басшылары қатысты. Кездесу барысында «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы Ұлан Алмасұлы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш тапсырған

отбасыларға көмек және жеке көмекшілердің қызметі туралы баяндады. Сонымен қатар, Мемлекеттік қайтарымсыз Грант иегері Уразбаева Жұлдызай және жеке көмекші Кульманова Гульнара сөз сөйледі. Жоғарыда аталған санаттағы азаматтардың тарапынан тұрғын үй көмегі, жер мәселесі, сауда-саттық, әлеуметтік және экономикалық бағыттағы сұрақтар қойылып және барлық сұрақтарға өз кезегінде жауаптар берілді.

Махамбет ИСАТАЙ

ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛІ СЕМИНАР ӨТКІЗДІ




Әдеп жөніндегі уәкіл, қала әкімінің орынбасары С. Бейскеев жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен семинар өткізді. Семинардың күн тәртібінде жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері арасында әкімшілік құқық бұзушылықтардың II тоқсан бойынша қорытындысы және мекемелерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуы туралы сұрақтар қарастырылды. Күн тәртібінде кара-

стырылған сұрақтар бойынша бөлім басшыларына тапсырмалар берілді. Әдеп жөніндегі уәкіл барлық мемлекеттік қызметшілерге өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуін ескертті.

Приозерск қаласының әкімдігі

Қала әкімі Н.Ламбеков халықпен кездесу өткізді



Приозерск қаласының әкімі Н. Ламбеков халықпен кездесу өткізді. Кездесуге қала прокуроры, әкім орынбасарлары, сондай-ақ бөлімдер мен коммуналдық кәсіпорындардың басшылары қатысты. Тұрғындар қала әкімінің ұсынған есебімен танысып, атқарылған жұмыстар мен жоспарлар туралы хабардар етілді. Есеп аяқталғаннан кейін, болды Ашық микрофон онда тұрғындар сұрақтар қойып, жауаптар ала алады. Қала басшысы тұрғындардың ұсыныстарын тындап, алдағы уақытта айтылған мәселелерді кезең-кезеңімен шешу жолдары қаралатынын атап өтті.

Аким города Приозерск Н. Ламбеков провел встречу с населением. На встрече присутствовали прокурор города, заместители акима, а также руководители отделов и коммунальных предприятий. Жители ознакомились с представленным отчетом акима города, были проинформированы о проделанной работе и планах. После завершения отчета, был открытый микрофон где жители могли задать вопросы и получить ответы. Аким города выслушал предложения жителей и отметил, что в дальнейшем будут рассмотрены пути поэтапного решения озвученных вопросов.

<https://www.facebook.com/akimat.priozersk>

Қала әкімінің тұрғындарды жеке қабылдауы



Қала әкімі Нұрлан Рымбайұлы тұрғындарды жеке қабылдады және тыңдады. Тұрғындар тұрғын үй мәселесі және атаулы әлеуметтік көмек бойынша сұрақтарын қойды. Қала әкімі барлық өтініштерге толық жауап беріп, жеке бақылауға алды.

Аким города Нурлан Рымбаевич принял и выслушал жителей, обратившихся за помощью в решении вопросов по предоставлению жилья и адресной социальной помощи. Аким города дал подробные ответы на все обращения и взял на личный контроль.

<https://www.facebook.com/akimat.priozersk>

IX ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЙБЫН-2023» ӘСКЕРИ- ПАТРИОТТЫҚ ЖАСТАР ЖИЫНЫ



2023 жылдың 17-23 маусым күндерінің аралығында Қарағанды облысының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Спасск» оқу-жаттығу орталығында IX Халықаралық «Айбын-2023» әскери-патриоттық жастар жиыны болып өтті.

Жиынға қатысқандар:

- Қазақстан Республикасының облыстары, Астана, Алматы Шымкент қалаларының әскери-патриоттық клубтары;

- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери-патриоттық клубтары;

- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери колледжі, «Жас ұлан» Республикалық мектебі, облыстық әскери мектеп-интернаты;

- Әзербайжан Республикасының бой түзеп келе жатқан ер азаматтары;

- Өзбекстан Республикасының жасөспірім ұлдары мен қыздары қатысты.

Барлығы 43 команда мен 14-17 жас аралығындағы 700-ден астам жасөспірім бақ сынасты. Жалпы есепте Қазақстан Республикасы бірінші орын алса, екінші орынды Өзбекстан Республикасы еншілеп, Әзербайжан Республикасы үшінші орынға жайғасты.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери-патриоттық клубтары арасындағы сайыста жарысқа қатысқан «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубы бірнеше жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтар болсақ, қыздар арасындағы арқаға жатып денені көтеруден клуб тәрбиеленушілері жүлделі екінші орынды жеңіп алса, жеке-кей сында клуб тәрбиеленушілері Диана Мусатаева мен Дана Шадыбай жүлделі үшінші орынға қол жеткізді.

АК-74 автоматты атыс қаруын толық емес бөлшектеу мен жинақтау сайысында да «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубы жүлделі екінші орынды қанжығасына байлайды. Жеке-кей сында ұлдар арасынан клуб тәрбиеленушісі Жалғас Әшірбек тұғырдың

үшінші сағысына көтерілсе, қыздар арасындағы сайыста клуб тәрбиеленушілері қатарынан Диана Мусатаева жүлделі бірінші орынды ұтып алса, Толғанай Таткенекінші орынды иеленді.

IX Халықаралық «Айбын-2023» әскери-патриоттық жастар жиынындағы «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубы үшін ерекшеліктер: клуб тәрбиеленушісі Диана Мусатаева АК-74 автоматты атыс қаруын толық емес бөлшектеу мен жинақтау сайысында атыс қаруын бөлшектеуді 7 секунд жылдамдықпен атқарса, жинақтауды жылдам 9 секунд көрсеткішпен үздік танылып, жасөспірімдер арасында Республикалық рекордты жаңартады. Сондай-ақ қыздар арасындағы арқаға жатып денені көтеруден клуб тәрбиеленушілері Диана Мусатаева мен Дана Шадыбай жүлделі үшінші орынды тең бөліседі. Осы ретте айта кетерлік жәйт, 2023 жылдың 21 маусым күні 15 жасқа толған клуб тәрбиеленушісі Дана Шадыбай дәл сол күні марапаттау рәсімінде тұғырдың үшінші сағысына Дианамен бірге көтеріліп, өзінің туған күнінде «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубына жемісті жеңісін тарту етеді. Ауыз толтырып айтарлықтай тағы бір ерекшелік, клуб құрамындағы IX Халықаралық «Айбын-2023» әскери-патриоттық жастар жиынына қатысуға барған бірге туған егіздер Мәдихан Төремұрат пен Әдихан Төремұрат «Айбын алауы» іс-шарасына арнайы шақырылып, өздеріне белгіленген алауды бірге тұрып тұтатады.

2019 жылы Республикалық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынына қатысқан клуб тәрбиеленушілері Дулат Дүрнazarов пен Ардақ Есиргеев екеуі Шучинск қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусында білім алып, бүгінгі күнде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында абыроймен қызмет атқарып жүр.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

«АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ-ҰЛЫ ҚАСІРЕТ ЖЫЛДАРЫ»



Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама — қазақ халқының тарихындағы ащы қасірет, Отан басына күн туған аса қайғылы кезең. Бұл кезең (1723–1727 жылдар) қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен аталады. Оның қазақ халқына тигізген зардабы, қайғы-қасіреті, аштығы мен қайыршылық халге душар етуі өте ауыр болды. Мыңдаған адам қырылды немесе тұтқын ретінде айдалып кетті. Жүздеген, мыңдаған ауыл қатты күйзеліске ұшырады. Мал-мүлік талан-таражға түсті, сауда байланысы үзілді, бір кезде гүлденіп тұрған қалалар жау қолында қалып, аяусыз қиратылды. Қазақтар қырғыннан аман қалу үшін елдің батыс аймақтарына қарай жылжып, Жайық бойына дейін жетті.

Тарихта бұл оқиға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталады. Шапқыншылықтан, аштықтан қазақ халқы үштен екі бөлігінен айырылды. Осы кезеңдегі халықтың тартқан қасіретінен «Елім-ай» әні өмірге келген. 1726 жылы қазақтың үш жүзінің өкілдері Ордабасы тауында бас қосады. Құрылтайда әр рудың билері, даңқты қолбасшылары мен батырлары жауға бірлесіп соққы

беруге шешім қабылдайды. Сөйтіп, қазақтар келесі жылы жоңғарларға қарсы шабуыл жасап, оларды қазақ жерінен ығыстыра бастайды.

2023 жылдың 20 маусым күні кітапхананың «Білім» орталығында «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» оқиғасының 300 жылдығына арналған «Ақтабан шұбырынды-ұлы қасірет жылдары» тарихи-танымдық кеш өткізілді. Мақсаты: Қазақстан тарихын насихаттау, «Ұлы апат жылдарын» қарастыру, қазақ халқының жоңғарлармен күресінің тарихи маңызын анықтау;

Кітапханашы Г.Тельтаева оқырмандарға 18 ғасырдың басындағы қазақтардың өміріндегі апатты оқиға туралы айтып берді. Іс-шара барысында Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жыры тыңдалып, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы қазақ тарихында өшпес із қалдырғанын, болашақ ұрпақ үшін ешқашан ұмытылмайтыны жайында кітапханашы Г.Тельтаева айтып, қорытынды жасап, кітап көрмесімен таныстырды.

**Оқырмандарға қызмет ету бөлімінің кітапханашысы
Тельтаева.Г.О**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Приозерск қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын), «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республика-

сының Заңдарын бұзу фактілері бойынша азаматтардың өтініш жасауы үшін сенім телефоны жұмыс жасайтынын хабарлайды.

Сенім телефоны: 8(71039)5-41-13

**Приозерск қаласының
санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасы**

**2023 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМЫ КҮНІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІ Н.Р.ЛАМБЕКОВТЫҢ
ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУЫНДА ТҮСКЕН СҰРАҚТАР БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

№	Аты-жөні, мекен-жайы	Қысқаша мазмұны	Тапсырма	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Алиханбаев Ақылбек, Космонавтов көш, 1/2 үй, 25	Тұрғын үй жағдайы бойынша	Пәтерді атына ауыстырып жекешелендіру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін	Саденов Д.Ш. Такенов Б.А.	Қыркүйек 2023
2	Шерниязова Айпатша, Бульвар жеңіс 34, 20 пәтер	Жеңіс бульвары 34 тұрғын үйге жөндеу жұмысын жүргізу туралы	Қалалық бюджет есебінен үйге техникалық тексеру жүргізілсін	Саденов Д.Ш. Такенов Б.А.	Қыркүйек 2023
3	Кирабаева Мария Юнусовна, Космонавтов 1/2, 31 пәтер	Космонавтов 1/2 тұрғын үйдін жер төреге жөндеу жұмысын жүргізу туралы	Космонавтов 1/2, тұрғындарымен кездесу ұйымдастырып, шешу жолдарын анықта-сын	Саденов Д.Ш. Такенов Б.А.	Қыркүйек 2023
4	Алтынбаева Зибагул Ораковна, Абая 25/2, 11 пәтер	Атаулы әлеуметтік көмек бойынша	Әлеуметтік бағдарламалар бойынша кеңес беру	Бейсекеев С.Ж. Алмас Ұ.	Тамыз 2023
5	Джанкараева Шарипа Қалмановна Кисунько 15/3, 76 пәтер	Тұрғын үй мәселесі бойынша	Қызметтік пәтер беруді қарастырсын	Саденов Д.Ш. Такенов Б.А.	Қыркүйек 2023

**ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ ПО ВОПРОСАМ, ПОСТУПИВШИМ В ХОДЕ
ЛИЧНОГО ПРИЕМА АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК Н.Р.ЛАМБЕКОВА 30 ИЮНЯ 2023 ГОДА**

№	ФИО, адрес	Краткое содержание	Задачи	Ответственные	Срок исполнения
1	Алиханбаев Ақылбек, Ул. Космонавтов, дом 1/2, кв 25	По жилищным вопросам	Провести разъяснительную работу по приватизации квартиры	Саденов Д.Ш. Такенов Б.А.	Сентябрь 2023
2	Шерниязова Айпатша, Бульвар Жеңіс 34, кв 20	О проведении ремонта жилого дома по ул Бульвар Жеңіс 34	Провести технический осмотр дома за счет средств городского бюджета	Саденов Д.Ш. Такенов Б.А.	Сентябрь 2023
3	Кирабаева Мария Юнусовна, Космонавтов 1/2, кв 31	О проведении работ по ремонту подвала жилого дома 1/2 по ул Космонавтов	Организовать встречу с жителями дома 1/2 по ул Космонавтов и определить пути решения	Саденов Д.Ш. Такенов Б.А.	Сентябрь 2023
4	Алтынбаева Зибагул Ораковна, Абая 25/2, кв 11	По адресной социальной помощи	Дать подробную консультацию по социальным программам	Бейсекеев С.Ж. Алмас Ұ.	Август 2023
5	Джанкараева Шарипа Қалмановна Кисунько 15/3, кв 76	По жилищным вопросам	Рассмотреть вопрос о предоставлении служебной квартиры	Саденов Д.Ш. Такенов Б.А.	Сентябрь 2023

АХАТ БӨЛІМДЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРМЕЙДІ

АХАТ бөлімдері Мемлекеттік корпорация құрамына берілгенімен қызмет көрсету тәртібі бұрынғысынша қала бермек. Некені тіркеуге өтініштерді қабылдау, өңдеу, сондай-ақ шешімдер қабылдау және нәтижелерді беру АХАТ органдарымен жүзеге асырылады.

Естеріңізге сала кетейік, 1 шілдеден бастап АХАТ бөлімдері «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бағынысына берілетін болады. Алайда, бұл өзгеріс АХАТ аудандық және қалалық бөлімдердің қызметіне әсері жоқ. Әдеттегідей жұмыстарын атқарып, электрондық үкімет порталы арқылы онлайн өтініш беру мүмкіндігі сақталады.

Сондай-ақ, қызмет көрсету стандарттары, оларды қарау тәртібі мен мерзімдері өзгеріссіз қалады. Бұдан басқа, мемлекеттік корпорацияда АХАТ қызметкерлеріне жүктемені төмендетуге мүмкіндік беретін қосым-

ша штаттық бірліктер көзделген.

Айта кетейік, некеге тұрғысы келетіндер тіркеуші органға жеке басын куәландыратын құжаттармен бірге келуі керек. Бұл некені тіркеудің белгіленген күнінде жасалады. Өтініш берген кезде қызмет алушылар неке кию рәсімін салтанатты жағдайда немесе қарапайым түрде өткізуді өздері тандай алады.

АХАТ қызметтерін тек тіркеуші органның қызметкерлері көрсететінін атап өтеміз. ХҚКО операторларын қоса алғанда, Мемлекеттік корпорацияның басқа қызметкерлері АХАТ ақпараттық жүйесіне қол жеткізе алмайды.

АХАТ бөлімдерінде әлеуметтік маңызы бар қызметтер, атап айтқанда бала тууды тіркеу, қаза болуын тіркеу тегін болып қалады. Ақылы қызметтердің тарифі қосымша құн салығын ескере отырып есептеледі.

*Приозерск қаласының халыққа
қызмет көрсету орталығы*

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ

ДОБРОЦЕН

МАГАЗИН НИЗКИХ ЦЕН



162

РУЛЕТ ВИШНЯ
Бамболео, 145г

**ПРИГЛАШАЕМ
ЗА
ПОКУПКАМИ**

присоединитесь к нашей группе в ВКонтакте

vk.com/dobrotsen_priozersk





199

ЛИМОНАД
Сказочные приключения, 2л

Изображение товара может отличаться от реального внешнего вида товара. Акция действует при условии наличия товара в магазине. Количество товара ограничено. Цены указаны в тенге.



800

ЧАЙНИК ЗАВАРОЧНЫЙ
стекло, 750мл

г. Приозерск, ул. Космонавтов, ст-е 5/2
РЕЖИМ РАБОТЫ: 09:00 - 21:00 / WWW.DOBROTSEN.RU

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ Н. Р. ЛАМБЕКОВТИҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ 30 МАУСЫМДАҒЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АЙТЫЛҒАН ҰСЫНЫСТАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Айтылған ескертулер / ұсыныстар (автор, мекен-жай)	Орындалуын іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушы	Қала әкімінің бақылаушы орынбасары	Ескертпе
1	Эшматова Н., (залдан түскен сұрақ) Гвардейская к. 8/4 үйі алдындағы ағаштарды кесу және үйдің ауласына орындықтар орнату туралы	1. Жоспарға сәйкес қураған ағаштарды кесуін ұйымдастырсын. 2. Орындықтарды орнату мүмкіндігін қарастырсын.	шілде-қыркүйек 2023 ж.	ТҮКШ, АЖ, ЖК бөлімі А.Б.Жаманбаев	Д. Ш. Саденов	
2	Жилманова Ж., (залдан түскен сұрақ) Р. Қошқарбаев көшесіндегі 7/2 үйдің жылуы және қураған ағаштарды кесу туралы	1. опрессовка және жуу жұмыстары жөніндегі іс-шаралар жоспарына қоссын. 2. Ағаштарды кесу бойынша мердігерлік ұйымның тізіміне қосуды ұйымдастырсын.	шілде-тамыз 2023 жыл.	ТҮКШ, ЖК, АЖ бөлімі Е.Б. Жаманбаев Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі Б.А. Такенов	Д.Ш. Саденов	
3	Сулейменова А., (залдан түскен сұрақ) Достық 16/3 көп балалы ата аналарға бала бақшаға жеңілдік беру туралы	21.05.2013 ж. № 504 Әлеуметтік көмек көрсетудің тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 2-тармағының 10-тармағына сәйкес, көмек алушыларға әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың ЖАО-ның келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді. Республика күніне орай Приозерск қ. мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленетін және білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға 30 000 тг сомасында біржолғы материалдық көмек басқарма келісімімен көрсетілетін болады.	Маусым 2023 жыл	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Ұ. Алмас	С.Ж. Бейскеев	Қала әкімінің халықпен кездесу барысында ауызша жауап қайтарылды

ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДЛОЖЕНИЙ И ЗАМЕЧАНИЙ ВЫСКАЗАННЫХ В ХОДЕ ВСТРЕЧИ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК Н.Р. ЛАМБЕКОВА С ЖИТЕЛЯМИ ГОРОДА 30 ИЮНЯ 2023 ГОДА

№	Высказанные замечания / предложения (автор, адрес)	Мероприятия по реализации исполнения	Сроки исполнения	Ответственные исполнители	Курирующий заместитель акима	Примечание
1	Эшматова Н., (вопрос с зала) об обрезке деревьев и установке скамеек по ул. Гвардейская 8/4	1. организовать плановую обрезку сухих деревьев. 2. рассмотреть возможность установки скамеек	июль-сентябрь 2023 г.	А.Б.Жаманбаев	Д. Ш. Саденов	
2	Жилманова Ж., (вопрос с зала) Вопрос отопления по дому 7/2 по ул. Р. Кошкарбаева и вырубке сухих деревьев.	1. включить в план мероприятий по опрессовке и промысловым работам. 2. включить деревья в список подрядной организации по обрезке деревьев.	июль-август 2023 г.	Е.Б. Жаманбаев Б.А. Такенов	Д.Ш. Саденов	
3	Сулейменова А., (вопрос с зала) Достық 16/3 По оказанию соц.помощи многодетным матерям на детский сад	В соответствии с пунктом 10 Главы 2 типовых правил определения перечня оказания социальной помощи № 504 от 21.05.2013 г. размер социальной помощи получателям помощи устанавливается в едином размере по согласованию с МИО области. Ко Дню Республики многодетным семьям, имеющим детей, воспитывающихся и обучающихся в дошкольных организациях г. Приозерска, единовременная материальная помощь в сумме 30 000 тг будет оказываться по согласованию с управлением.	июнь 2023 г.	Ұ. Алмас	С.Ж. Бейскеев	Ответ был дан в ходе встречи акима города с населением

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY

<p>Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.» Бас редактор: Исатай М.А. Техникалық редактор: Исатай М.А. Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5. Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды. Тапсырыс №26/52, Таралымы:500 дана, пішімі: А3</p>	<p>Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35 Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35 Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.</p>	<p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.</p>
---	--	--